

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданы Ленгiр қаласы әкiмiнiң 2025 жылғы 6 қазандағы № 104 шешiмi

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексiнiң 19, 69 баптарына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Заңының 37 бабына, Төлеби аудандық жер қатынастары бөлiмiнiң 12.09.2025 жылғы (жер учаскесiн қалыптастыру жөнiнде жерге орналастыру жобасын бекiту туралы) №692 (№ KZ11VBG01645834) бұйрығына, Төлеби ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлiмiнiң қала құрылыстық қорытындысына және өтiнiшiне сәйкес ШЕШIМ ЕТТI:

1. "Қазақтелеком" акционерлiк қоғамының филиалы – "Желi" дивизоны" бiрлестiгiне Ленгiр қаласы, Төлеби көшесiнiң бойынан талшықты оптикалық байланыс желiлерiн жүргiзу үшiн жалпы алаңы 0,3334 га жер учаскесiн 5 (бес) жыл мерзiмге қауымдық сервитут белгiленсiн.

2. Осы шешiмнiң орындалу барысын қадағалау қала әкiмi орынбасары Ж.Байзақовқа жүктелсiн.

3. Осы шешiм оның алғашқы жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Қала әкiмi

М.Жұмабаев